

дың ішіндегі **-сыз, -сіз; -дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақтары арқылы жасалғандардың ғана етістіктермен көбірек тіркесетіндігін көрсетеді. Тілімізде **-дай, -дей** жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдерде ұқсату, салыстыру мәні бар сын есімдер алынады. Енді осы жұрнақтың қатысуымен жасалатын қатыстық сын есім мен етістіктердің тіркесіміне мысал келтірсек:

Келсаптай тұзды түйген бас ағарған,
Түздегі *қу бастайын* жақ қуарған.
Бетіне *ел көшкендей* сүрлеу түсіп,
Шөлдегі *шыңыраудай* көз суалған
(І.Жансүгіров).

Өлең мәтініндегі *келсаптай, қу бастайын, ел көшкендей, шыңыраудай* сияқты сын есім сөздер етістіктермен әр түрлі позициялық жағдаятта тіркесімділікке түсіп кейіпкер тұлғасын анықтап, портретін сомдауда *шашы ағарған басын тұз түйген келсаппен, бетінің ажымын көшкен елдің сүрлеу ізімен, суалған көзін шөлдегі шыңыраумен* тілдік санадағы салыстыру, теңеу, ұқсастыру әдістері арқылы ассоциациялық байланысқа түсіріп, өлең мә-

тінінің семантикалық тұтастығын қалыптастырған.

Қорыта айтқанда, мазмұндық-құрылым жүйесінің көп сатылы, көп қырлы болып келуіне байланысты өлең мәтінінің семантикасындағы тіркесімділік мәселесі күрделі де қиын, қиыры да мол құбылыс қатарына жатады. Сондықтан тіркесімділік мәселесі сөздің өзге сөздермен синтаксистік байланысқа түсіп әр алуан семантикалық қатынасқа түсу қабілеттілігін танытатындықтан өлең мәтінінің теориялық қағидаттарымен ұштастырыла қарастыруды қажет етеді.

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964. – 183 б.
2. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. – Л.: Наука, 1986. – 300 с.
3. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 176 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 582 б.
5. Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Глагол. – М.: Из-во вост. Лит-ры, 1963. – 266 с.
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
7. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі. – Алматы: Толғанай Т, 2007. – 175 б.

К. Куркебаев

СЕМАНТИЧЕСКАЯ ВАЛЕНТНОСТЬ ГЛАГОЛОВ

В этой статье рассматриваются вопросы семантической валентности глагола в поэтических текстах.

K. Kurkebaev

SEMANTIC VALENCE OF THE VERBS

This article considers the issues of semantic valence of the verbs in poetic texts.

Қ. Қадырқұлов,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.

ЖАҢА СӨЗДЕР МЕН ЖАҢА СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ

Жаңа зат пен құбылыс пайда болғаннан кейін оларды ұғымдық жағынан сипаттайтын жаңа атаулар қажет. Жаңа атаулар тіл ғылымында лексика бөлімінің, оның ішінде неологизм тармағының зерттеу нысаны болды. Неологизм - қай тілде болмасын **жаңа сөз** ұғымының баламасы. Бірақ неологизм терминінің мәні жаңа сөз бен жаңа сөз қолданыс болып салалық түрге бөлінетіні ғылыми-зерттеу еңбектерде арнайы қаралған емес.

«Қазіргі орыс тіліндегі жаңа сөздер» атты диссертациялық зерттеуінде Л.И.Джоглидзе: неологизмдер - тілдегі жаңа сөздер, тіл жүйесінің лексикалық бөлігі. Неологизмдер – сөйлеу тілінде дайын күйінде қолданылатын, бірақ салыстырмалы түрде жақында пайда болған сөздер, - деп тұжырымдайды / 1 /.

Ал Р.Ю. Намитокова «Жаңа сөздер – тілде белгілі бір кезеңде пайда болған, бұрын болмаған және жалпы қолданысқа түспеген, сол

тілде сөйлеушілер «жаңалық» сипатын сезінетін сөздер» екенін айтады / 2 /.

Қазақ ғалымдарының пікіріне сүйенсек, неологизм дегеніміз:

- бір тілде жаңадан пайда болған және әзірше көпшілік арасында толық қалыптаспаған жаңа сөздер / 3 /;

- тілге сіңісіп, жалпы халықтық сипат ала қоймаған жаңа сөздер / 4 /;

- халықтың қоғамдық – саяси тұрмысындағы тарихи маңызды оқиғалармен байланысты мерзімдерде пайда болған әдеби тілдегі жаңа мағыналы жаңа сөздер мен тұрақты сөз тіркестері / 5 /.

Неологизмдерге берілген анықтамалар күні бүгінге дейін бірін-бірі қайталаумен келеді. Жаңа сөздердің қолданысқа енген тілде бұрын болмау шарттылығы ескеріле бермейді. Орыс тілін зерттеуші ғалымдардың пікірлері шынайылыққа жетелеп келеді де, соңғы тұжырымын күмәндандырып жібереді. Шынайылыққа жетелеуі – жаңа сөздердің дайын күйінде қолданылатын – дығы, бұрын болмағандығы және салыстырмалы түрде жақында пайда болғандығы. Күмәнді тұсы – жалпы қолданысқа түспегендігі. Егер олар жалпы қолданысқа түспесе әдеби тілдің құрамына қалай енетіні ойландырады. Қазақ тіліндегі зерттеу еңбектерінде неологизмдерді кезеңдерге бөліп қарастырған. Қазан революциясына дейінгі тілімізге ене бастаған жаңа сөздер / Б.Әбілқасымов /, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы неологизмдер / Ш.Бәйтікова, С.Исаев, Р.Барлыбаев /, XX ғасырдың 70-90 жылдарындағы жаңа қолданыстар / А.Алдашева / мазмұны мен түр ерекшелігі тұрғысынан екі жақты сипатта беріледі. Біріншісі – қазақ тілінің бұрынғы лексикалық қорына араб-парсы тілінен енген сөздер де, екіншісі – орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілден енген сөздер. Бұл зерттеу жұмыстарында көрсетілген неологизмдердің дені бүгінгі таңда историзмдер қатарынан орын алды. Сондықтан, жаңа сөздердің басты анықтаушы белгісі – тарихи кезең. Тарихи кезеңнің талабына сай жаңа өзгерістердің туындайтыны заңды құбылыс болғандықтан, жаңа сөздердің де дайын қалпында басқа тілдерден келуі жиілейді. Неологизм – жаңа дәуірде жаңадан пайда болған сөздер болса / Н.Сауранбаев /, біздің әрбір жаңа кезеңдерімізде пайда болған жаңа сөздердің бәрі – орыс тілінен не сол арқылы басқа шет тілдерден енген сөздер /

І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев / Яғни, жаңа сөздердің екінші анықтағыш белгісі – басқа тілден дайын күйінде енгендігі. Бұларға қоса, жаңа сөздерді қолданылу жиілігіне қарай екі топқа бөлетін көзқарастар да кездеседі: жиі қолданылатындары – неологизмдер, сирек қолданылатындары – окказионализмдер / Р.Ю.Намитоква /. Егер жаңа сөздердің жиі қолданылатындарын неологизмдер қатарына жатқызатын болсақ, олардың халыққа тез түсінікті болатындығы - өзінен-өзі белгілі. Жоғарыда келтірілген «жалпы халықтық сипат ала қоймаған», «көпшілік арасында толық қалыптаспаған» тіркестері – нін неологизм анықтама-сына дәйектілігі негізсіз болып шығады. Ал жаңа сөздердің «жаңалық» сипатының жойылуын олардың белсенділігімен байланыстыратын болсақ, жаңа зат пен жаңа құбылыстың да «ескіру» үдерісін назардан тыс қалдырмау керек шығар. Өйткені «Бүгінгі неологизм деп таныған сөзіміз 5-10 жыл өтісімен-ақ неологизмдер тізімінен шығып, ең актив сөздердің қатарына барып қосылып жатады» / Ә.Болғанбаев / деген пікір осыған саяды. Мәселені жаңа сөздерді белсенділігі арқылы байырғы сөздеріміздің қатарына қосумен шеше алмаймыз. Олардың жаңа болуының өзі тілдік қорымызға мағыналық та, формалық та ерекшелігімен қосылуында екенін ескеретін болсақ, жаңа сөздердің бір қалыптылығы мен құбылмалылығының себептеріне мән бергеніміз жөн. Олар: 1) Жаңа сөздердің историзм сөздерге айналу құбылысы. Бұл құбылыстың басты себебі – қоғамдық-саяси өзгерістер. Жаңа қоғам үшін ескі қоғамның жаңа сөздері қажет емес. Кеңес үкіметі тұсында жаңалық сипаты шексіз болып есептелген **коммунизм, социализм, комсомол, совхоз, колхоз** сөздері бір күн-де көнерген сөздердің қоржынына кетті; 2) Историзм сөздердің жаңа сөздерге айналу құбылысы. Орыс тілінің өзінде историзмге айналған **гимназия, лицей** сөздері неологизмге ауысты; 3) Ғылым мен техника саласындағы жаңа сөздер нақты зат атаулары болғандықтан тұрақты; 4) Соңғы 20 жылдың көлемінде қазақ тіліне енген жаңа сөздердің қоғамдық-саяси сипаттан гөрі әлеуметтік-экономикалық басымдықты иеленуі. Бұл тұрақты құбылысқа айналып барады.

«Жаңа сөздердің көп болуы тіл байлығымызды молайтады» деген қасаң пікірді алас-тататын күн жеткен секілді. Басқа тілден өз үлгісімен келген жаңа сөздер ана тіліміздің

зандылығына көндіге қоймайды. Сондықтан олардың төл тіліміздегі баламасын табуға әрекет жасаймыз. Бұны қазақ тіліндегі зерттеулерде калька тәсілімен сөзбе-сөз аудару жолы ретінде береді. Аударма ешқашан жаңа сөз ұғымын қабылдамайды. Себебі жаңа сөздің дәл мағынасын беретін сөз өз қорымызда болса, жаңа зат пен жаңа құбылыстың да өзімізде бұрыннан болғандығын айғақтайды.

Біз жаңа сөздерді мағыналық жақындығы, үйлесімділігі сай келетін балама сөздермен ауыстырып жүрміз. Негізінде, Р.А.Будаговтың: жалпы тілдік неологизмдер – неологизм сөздер және неологизм мағына болып екіге бөлінеді,- деуі неологизмдерді салаға бөліп қарастырудың тиімділігіне жөн сілтейтін секілді. Сондықтан біздің ұсынымыз – неологизмдерді төмендегідей үлгіде қарастырып, талдау:

Неологизмдер

Жаңа сөздер

Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың басты айырмашылығы мағынасы мен түр-тұлғасында (формасында). Жаңа сөздің мағынасы да, түр-тұлғасы да жаңа. Жаңа сөз қолданысқа келгенде бұл екі белгіні қатар айта алмаймыз. Біздің басты мақсатымыз – жаңа сөз бен жаңа сөз қолданыстың бір ұғымды бермейтіндігін айқындау.

Жаңа сөз қолданыстар – неологизмнің бір тармағы. Жаңа сөз қолданыстар қазақ тіл білімінде жеке сала ретінде зерттеу нысанына айналған емес. Алғаш рет А.Алдашеваның «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында жаңа сөз қолданыстарға анықтама беріледі: *...Неологизмді, окказиональды сөздерді, жеке авторлық сөздерді, потенциалды сөздердің бәрін біріктіріп, «лексикалық жаңа қолданыстар» дейміз/6/*. Бұл пікір бойынша неологизм деген жалпы ұғым жаңа қолданыстар терминінің аясына кіреді. Ш.Бәйтікованың пікірі бойынша: *неологизмдер – тілімізде бұрын болмаған, жаңадан пайда болған сөздер. Мысалы: өнеркәсіп, бесжылдық, ұшқыш, тракторшы, шекарашы. Ал неологизм мағына – тілімізде бұрыннан бар сөздер. Бірақ бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына қосылған не мағынасы жаңарған сөздер. Мысалы: құн, тап, партия, жарыс, еңбек, жоба, сын, күрес, мүше, жоспар*. Көріп отырғанымыздай, неологизм сөздер мен неологизм мағынаның мысалдары аралас ұсынылған. Жаңа қолданыс – тілдің ішкі заңдылығынан туындайтын құбылыс. Тілдік амал-тәсілдерді қолдану арқылы өзімізде бар сөздерді жаңа сөздердің орнына қою – жаңа қолданыс үдерісі. Тілімізде бұрын болмаған қазақша сөз ойлап табу – нәтиже

Жаңа сөз қолданыстар

бермейтін әрекет. Оның үстіне жаңа қолданысқа түскен байырғы сөздердің жаңаша сипаты түпкі мағынасынан алшақтамайды. Тек мағыналық ұлғаю немесе тарылу құбылысын ғана байқаймыз. Мысалы: тілімізде жиі қолданылып жүрген **мұражай, кеден, бағдарлама, әуежай, несие** секілді сөздер ұзақ уақыт «неологизм» болып келген **музей, таможня, программа, аэропорт, кредит** сөздерінің жаңа формада қолданысқа түсуі. Бұл – жаңа қолданыстарға тән ескі мазмұн мен жаңа формалық сипат. Біз «мұражай, кеден» деп қанша айтқанымызбен, ойымызға алдымен «музей, таможня» сөздерінің мазмұны оралады. Егер жаңа қолданыстарды айтқан кезде олардың бұрынғы жаңа сөз қалпындағы формасы ойға оралмаса, жаңа қолданыстар жаңалық сипатынан айырылады. Тіпті, жаңа қолданыс қалпында историзмге де ауысып кетеді (кеңшар, ұжымшар). Әрине, жаңа сөз қолданыстар барлық уақытта ескі мазмұн, жаңа түр-тұлғада келе бермейді.. Олардың, керісінше, жаңа мазмұнда, ескі формада кездесетін тұлғалары да бар: «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры туралы» қаулысы дер кезінде дүниеге келген шара / «Егемен Қазақстан»/. Шын мәнінде әкімдердің жанынан жекешелендіру жөнінде қосарлас органдар құруды тоқтату қажет / «Егемен Қазақстан»/. Алынған мысалдардағы асты сызылған сөздердің формасы ескі болғанымен, мазмұны заман талабына сай жаңаша мән иелен – ді. Мағыналары кеңейді және қолданылу жиілігі ұлғайды. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың не мазмұнында, не формасында жаңалық реңі болады. Осыдан тұрғыдан келгенде, екеуіне

ортақ ұқсастық байқалады. Екеуінің неологизмнің жеке саласы болатындығы екеуіне тән айырым белгілерінде. Жаңа сөздер мазмұны мен формасы жағынан бір-біріне сай жаңа тұлғада келеді. Басқа тілге дайын күйінде енеді. Қабылдаушы тілдің заңдылығына мойынсынбайды. Өйткені мәжбүрлеу басымдығы арқылы жаңа зат немесе жаңа құбылысқа ілесіп кіреді. Мақсатты қажеттілік жаңа сөзге емес, жаңа затқа туындайды. Ал жаңа сөз қолданыстың тілімізде пайда болу үдерісі тіл заңдылығына сүйеніп, тіл тазалығын сақтау мүддесін көздейді. Жаңа қолданыс тілдік қордан орын алу үшін белгілі бір өлшемдегі мерзімді қажет етеді. Жаңа сөздің мазмұнын сараптау, оларға мағыналас сөз іріктеу кейде бірнеше жылдарға созылады. Жаңа сөзге калька түрінде балама табу – аударма. Аударма үшін қолданылатын сөздер жаңа сөзге дейін-ақ өз тілімізде болған. Аударма сөз бен жаңа сөз арасында мағыналық дәлдік бар. Әйтпесе, **пятилетка мен бесжылдықтың** арасынан қандай жаңалық іздеуге болады. Тағы бір айырым белгі – жаңа сөздердің варианттары болмайды. Жаңа қолданыстар жаңа сөздің баламасы ретінде тілімізге енгенші бірнеше нұсқада ұсынылып, соңында біреуі ғана әдеби тілге енеді (ықшамаудан – шағын аудан – мөлтек аудан). Сонымен қатар, жаңа сөздердің жасалу жолдары болмайды (олар дайын

күйінде келеді). Осы күнге дейін зерттеу еңбектерінде ұсынылып келе жатқан әдістер – жаңа сөздің емес, жаңа сөз қолданыстардың жасалу жолдары. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жаңа сөз қолданыстардың жасалу жолдары ғылымның түрлі саласындағы терминдердің жасалу жолдарымен ауысты. Жаңа сөзден қазақша жаңа термин жасау үдерісін ойлап таптық. Айырмашылығы – жаңа сөздің орнына басқа тілден енген термин, жаңа сөз қолданыстардың орнына қазақшаланған термин тіркестерін ұсынғанымыз ғана. Термин сөздер мен неологизмдердің екі бағыттағы сала екенін естен шығармағанымыз жөн. Жаңа сөзді қабылдаудағы мақсатымыз бен термин сөзді қабылдаудағы мақсатымыз да – екі бөлек. Алайда, жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілерін термин жасау үдерісіне тиімді пайдалана білсе, термин жасау жүйесіндегі жарыспалы варианттардан арылуға болады.

1. Джоглидзе Л. Новые слова в современном русском языке. Автореферат к.ф.н., Тбилиси-1979.

2. Намиткова Р. Авторские неологизмы, Л:1987.

3. Кенесбаев І. Мұсабаев Ғ, Қазіргі қазақ тілі, Алматы-1975.

4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы, Алматы-1979.

5. Бәйтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер, Алматы-1971.

6. Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар. Автореферат, ф.ғ.к., Алматы-1992.

К. Кадыркулов

НЕОЛОГИЗМЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье дано определение новых слов и новых выражений, показано их различие, проанализированы неологизмы в свете современных направлений их изучения. Рассматривается повторное появления историзмов в современном казахском языке.

K. Kadyrkulov

NEOLOGISMS IN MODERN KAZAKH LANGUAGE

New words and phrases, their differences, analysis of neologisms in the background of modern directions in study are given in the article. Also article considered the repeated appearance of historisms in the modern Kazakh language.